

«Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығы» КММ



«Өнерім, тілім - өмірім»
зияткерлік сайыс

Өткізген: Смагулова Ж.К.

Арқалық қаласы, 2019 жыл

**8 – наурыз халықаралық әйелдер күніне орай, қазақ тілі курсы
тыңдаушыларының арасында өтетін «Өнерім, тілім - өмірім» атты
зияткерлік сайыстың ережесі**

Өтетін күні: 7.03.2019 жыл

Өтетін орны: Ә.Боранбаев атындағы кинотеатр

Уақыты: 14:30

Сайыс шарттары:

I кезең: «Сәлем – сөздің атасы» – деп аталады, әр топ өздерін таныстырады. Қатысушылардың тіл көркемдігі, сөйлеу мәнерлері, сырт сымбатына, топты таныстыру ерекшеліктеріне назар аударылады.

II кезең: «Бір әріпке – 10 сұрақ». Бұл кезеңде әр топқа 1 әріптен беріледі және сұрақтар қойылады. Әр топ қойылған сұрақтарға өз тобына берілген әріптен басталатын сөздермен жауап беруі тиіс.

III кезең: «Халқын сүйген – салтын сүйер» салт-дәстүрге байланысты сұрақтар. Әр топқа 2 сұрақ.

IV кезең: «Әуенді тап» - деп аталады. Мұнда әр топқа 4 әннің әуенінен үзінді қосылады. Әннің аты, кім орындайды, толық жауап берулеріңіз керек.

V кезең: «Латын әліпбиі – заман талабы» деп аталады. Әр топқа сөйлемдер жазылған үлестірме қағаздар таратылады. Сол қағаздардағы мәтінді 2 минут ішінде латын қарпінде жазып берулері қажет.

VI кезең: «Қыз еркем – кестесімен көркем». 1 мин ішінде берілген тапсырманы орындау.

а) Түйме қадау

б) Инежіпке бисер өткізу (кім көп тізіп шығады).

в) Түрлі-түсті қағаздан ою қию

VI кезең: «Өнерлінің өрісі кең», әр топ өз өнерлерін көрсетеді. (Топ болып барлық өнер түрлерін көрсетуге болады. Ән айту, би билеу, мәнерлеп оқу, т.б.)

Қорытынды:

Сайысқа қатысушыларды бағалау. Марапаттау.

**8 – наурыз халықаралық әйелдер күніне орай,
қазақ тілі курсы тыңдаушыларының арасында өткен «Өнерім, тілім -
өмірім» атты зияткерлік сайыстың ережесі**

Фанфар

Сайыс Азаматтың орындауындағы әсем әнмен ашылды

Жүргізушілер ортаға шығады

1 - жүргізуші:

Қайырлы күн халайық, өнер сүйген,
Көрермендер көңілге көп ой түйген.
Құттықтаймыз арулар, аналарды,
Сый тартайық әсем ән, тәтті күймен.

2 - жүргізуші:

Армысыздар, қадірменді асыл халқым,
Арта берсін абырой, атақ – даңқың.
Қарсы алайық, құрметтеп аруларды,
Ұстаған қазағымның ата –салтын

1 - жүргізуші:

Бүгінгі мерекеге орай орталығымызда өткелі отырған **«Өнерім, тілім -
өмірім»** атты сайысқа қош келдіңіздер. Бұл сайыста қыздарымыз топ болып
өз өнері мен білімдерін, тапқырлықтары мен шеберліктерін көрсеткелі отыр.

2 - жүргізуші:

Жыр арнайық оларға жігері ассын,
Гүл арнайық көңілі шалқып тассын.
Сыр арнайық жүректі жарып шыққан,
Нұр арнайық қуатын беріп жастың.– деп, ортаға бүгінгі сынға түскелі
отырған аруларымызды шақырайық.

*(Жеке-жеке атап шақырады, қатысушылар арнайы дайындалған орындарға отырады,
барлық қатысушылар мойындарына өз топтарының атын тағып шығуы керек)*

1 - жүргізуші:

Ендеше сайыскер топтарды қол соғып қошеметтеп ортаға шақырайық.

I. Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық Мемлекеттік Педагогикалық
Институтының студенттерінен құралған **«Алғырлар»** тобы

- 1. Султанова Зилола Собиржонқызы**
- 2. Максүтова Нилуфар Элмуратқызы**
- 3. Маназарова Мухлиса Мамматаминқызы**

2 - жүргізуші:

II. Арқалық политехникалық колледжі оқытушыларынан құралған **«Бірлік»** тобы

1. **Жұмабаева Жұлдыз Қуанышбаевна**
2. **Тоқаева Эльмира Муратовна**
3. **Бисенғалиева Әдемі Ғалымжанқызы**

1 - жүргізуші:

III. №2 облыстық ғылыми әмбебап кітапханасының қыздарынан құралған **«Достық»** тобы

1. **Нугманова Гүлнұр Абаевна**
2. **Тұрсынғалиева Ханзада Дарханқызы**
3. **Көшкінбай Сымбат Мұратқызы**

2 - жүргізуші:

IV. Оқу-өндірістік комбинаты мекемесінен **«Болашақ»** тобы

1. **Жусупова Балзат Қырымгереевна**
2. **Қалиева Рауан Боранбаевна**
3. **Махатова Асем Еркіновна**

1 - жүргізуші

Аруларымызға тағы да бір қошеметтеріңіз. Рахмет.

2 - жүргізуші:

Тілім барда қазағым бар, халқым бар,
Дәстүрім бар, ата-жолым салтым бар,
Кең даладай жиналмаған жан-жағы
Аңқау ашық мінезім бар аңқылдар дей келе, сайысқа түсуші топтардың бағасын беретін қазылар алқасымен таныс болыңыздар.

1 – жүргізуші:

Қазылар алқасының төрағасы, Арқалық қалалық Мәдениет сарайының қызметкері, ауылдық клубтар жетекшісі - Ондаған Айбол Айдарұлы

2 – жүргізуші:

Қазылар алқасының мүшелері, Арқалық қалалық Мәдениет сарайының бас әкімшісі - Салимжанов Талғат Танатқанұлы

1 – жүргізуші:

Арқалық қалалық Мәдениет сарайының заңгері - Ертай Досбол Ертайұлы

1 - жүргізуші:

Жас күнінде жалындау бар, жану бар,
Үлкендерден үлгі өнеге алыңдар.
Көрерменге өнерін паш ететін,
Қош келдіңдер біздің сұлу арулар! – деп сайысымызды бастайық.

2 - жүргізуші:

I кезең «Сәлем – сөздің атасы» - деп аталады. Бұл кезеңде әр топ бір ерекшеліктерін көрсете отырып өз тобын таныстыру тиіс.

(Топ аты, топ ұранын айтып таныстырады)

1 - жүргізуші:

Олай болса, кезек **«Алғырлар»** тобында (ортаға шығып, топ аты, топ ұранын айтып таныстырады) **Аруларымызға қошеметтеріңіз.**

2 - жүргізуші:

Келесі кезекті **«Бірлік»** тобына берсек (ортаға шығып, топ аты, топ ұранын айтып таныстырады)

Көп рахмет.

1 - жүргізуші:

«Достық» тобы кезек сіздерде (ортаға шығып, топ аты, топ ұранын айтып таныстырады)

2 - жүргізуші:

I кезеңді қорытындылайтын **«Болашақ»** тобы. Қошеметтеріңіз. (ортаға шығып, топ аты, топ ұранын айтып таныстырады)

1 - жүргізуші:

Сайысымыздың **II кезеңі «Бір әріпке 10 сұрақ»** деп аталады. Бұл кезеңде әр топқа 1 әріп береміз. Және әр топқа 10 сұрақтан қоямын, ал сіздер қойылған сұраққа сіздің топқа берілген әріптен басталатын сөздермен жауап беру керексіздер.

2 - жүргізуші:

«Болашақ» тобы сіздерге сұрақ.

1. Тегіңіз кім?
2. Қай қалада тұрасыз?
3. Нені жақсы көресіз?
4. Сүйікті тағамыңыз не?
5. Кеше қайда болдыңыз?
6. Қазір қандай ай?
7. Көктемде не істеуге болады?
8. Қандай сусын ішесіз?
9. Атаңыздың шашының түсі қандай?
10. Досыңыздың жасы нешеде?

2 - жүргізуші:

«Достық» тобы Сіздердің сұрақтарыңыз.

1. Әкеңіздің аты кім?
2. Бүгін қайда барасыз?
3. Қандай жануар ұнайды?

4. Түскі асқа не жейсіз?
5. Кімнің әндері ұнайды?
6. Демалыста не істейсіз?
7. Анаңыздың көзінің түсі қандай?
8. Бос уақытыңызда не істейсіз?
9. Кітапханаға күніне неше рет барасыз?
10. Кім болып жұмыс істегіңіз келеді?

1 - жүргізуші:

«Бірлік» тобы кезек сіздерде.

1. Атыңыз кім?
2. Қайда оқисыз?
3. Әжеңізбен ертең қайда барасыз?
4. Кешкі асқа қандай тағам жейсіз?
5. Арманыңыз не?
6. Кімді жақсы көресіз?
7. Анаңызды қайда апарасыз?
8. Астанаға атпен неше сағатта жетуге болады?
9. Қыста не істейсіз?
10. Мысығыңыздың түсі қандай?

1 - жүргізуші:

«Алғырлар» тобы дайынсыздар ма?..... бастайық

1. Анаңыздың аты кім?
2. Қайда жұмыс істейсіз?
3. Сүйікті фильміңіз қалай аталады?
4. Күнде түскі асқа не жейсіз?
5. Мақсатыңыз не?
6. Кімді жек көресіз?
7. Қыста не істейсіз?
8. Мамандығыңыз кім?
9. Қай мемлекетте тұрасыз?
10. Жасыңыз нешеде?

2 - Жүргізуші:

«Халқын сүйген – салтын сүйер» бұл біздің III кезеңнің атауы. Аты айтып тұрғандай салт-дәстүрге байланысты әр топқа 2 сұрақ беріледі.

Олай болса, қазағымыздың ата –салтын ұстаған аруларымызға сәттілік тілей отырып, Экранға назар аударайық.

(Экраннан әр топтың тапсырмалары көрсетіледі)

1- Жүргізуші:

Алғашқы сұрақ **«Алғырлар» тобына:** **Қазан шегелеу дегеніміз не?**
(Дұрыс жауап тыңдалады)

1- Жүргізуші:

Екінші сұрақтарыңыз **Базарлық дегеніміз не?** (Дұрыс жауап тыңдалады)

Жауаптарыңызға рахмет.

2- Жүргізуші:

«Бірлік» тобы, мұқият тыңдаңыздар.

Бірінші сұрақ **Ерулік беру қандай салт?** (Дұрыс жауап тыңдалады)

2- Жүргізуші:

Келесі сұрағымыз **Аузына түкірту дегеніміз не?** (Дұрыс жауап тыңдалады)

1- Жүргізуші:

Ары қарай жалғастырамыз **«Достық»** тобының сұрақтары

1. Бәсіре дегеніміз не? (Дұрыс жауап тыңдалады)

1- Жүргізуші:

Екінші сұрақтарыңыз **Ұйқыашар дегеніміз не?** (Дұрыс жауап тыңдалады)

2-жүргізуші:

«Болашақ» тобының сұрағы **Ат тергеу дегеніміз қандай дәстүр?** (Дұрыс жауап тыңдалады)

2-жүргізуші:

Екінші сұрақтарыңыз **Селт еткізер дегеніміз не?** (Дұрыс жауап тыңдалады)

1- Жүргізуші:

Аруларымыздың сұрақ-жауап кезеңінен сүрінбей өтті деп ойлаймыз. Келесі **IV кезең «Әуенді тап».** Мұнда әр топқа 4 әннің әуенінен үзінді қосылады. Әннің аты, кім орындайды, толық жауап берулеріңіз керек.

2-жүргізуші:

Олай болса, сәттілік!

«Болашақ» тобы сіздердің әуендеріңіз (әуендер қосылады)

1-ші әуен (Қазақша хит ән)

2-ші әуен (Ретро ән)

3-ші әуен (Шетелдік ән)

1-жүргізуші:

«Достық» тобы назарларыңыз әуенде болсын. (әуендер қосылады)

1-ші әуен (Қазақша хит ән)

2-ші әуен (Ретро ән)

3-ші әуен (Шетелдік ән)

2- Жүргізуші:

Келесі әуен **«Бірлік»** тобына: (әуен қосылады)

1-ші әуен (Қазақша хит ән)

2-ші әуен (Ретро ән)

3-ші әуен (Шетелдік ән)

1 - Жүргізуші:

«Алғырлар» тобы сіздердің әуендеріңіз. (әуен қосылады)

1-ші әуен (Қазақша хит ән)

2-ші әуен (Ретро ән)

3-ші әуен (Шетелдік ән)

2 - Жүргізуші:

V кезең: «Латын әліпбиі – заман талабы» деп аталады. Алдарыңызда сөйлемдер жазылған үлестірме қағаздар жатыр сол қағаздардағы мәтінді 2 минут ішінде латын қарпінде жазып берулеріңіз қажет. Ендеше, уақыт кетті.

(әуен ойнап тұрады)

(2 минуттан кейін жауаптар жиналып алынады)

1-жүргізуші:

Бұл тапсырманы да сәтті аяқтады деп сенеміз. Ендеше келесі кезеңге көшейік.

1- Жүргізуші:

VI кезең «Қыз еркем – кестесімен көркем» деп аталады. Қазір әр топ 1 мин ішінде:

а) Түйме қадап

б) Инежіпке моншақ (бисер) өткізіп

в) Түрлі-түсті қағаздан ою киюы тиіс. Қазылар алқасы уақытты есептеп отырсаңыздар. Бастайық.

(Көңілді әуен ойнап тұрады)

1- Жүргізуші:

Құрметті қатысушылар, жұмыстарыңызды қазылар алқасына тапсырсаңыздар **«Болашақ» тобы**

2-жүргізуші:

«Достық» тобы

1- Жүргізуші:

«Бірлік» тобы

2-жүргізуші:

«Алғырлар» тобы

1- Жүргізуші:

Келесі кезеңге өтпес бұрын әуелеген әнге кезек берсек. Қарсы алыңыздар.

(ӘН)

2-жүргізуші:

Өнердің түр – түрі бар, бұл ғаламда,
Ән салады әншілер, қыр - далада.

Бишілер мың бұралып билегенде

Тебіренер сілкініп, жер - ана да дей келе сайысымыздың келесі кезеңін
бастаймыз. *(VI кезең: «Өнерлінің өрісі кең»)*

1-жүргізуші:

Сахнаға «Болашақ» тобын шақырамыз қарсы алыңыздар.

2-жүргізуші:

Сіздердің қошеметтеріңізбен ортада «Достық» тобы

1-жүргізуші:

Ынтымағы жарасқан «Бірлік» тобын шақырамыз

2-жүргізуші:

Бұл кезеңді қорытындылайтын сұлу да сымбатты қыздарымыз «Алғырлар»
тобы.

1-жүргізуші:

Барлық қатысушыларға алғыс айта отырып, қазылар алқасын сайыс
қорытындысын шығару үшін шығарып салайық.

1-жүргізуші:

Азамат, біздің ардақты да ауялы аналарымызбен көрікті де келбетті ару
қыздарымызға неге әсем ән арнамасқа.....

2-жүргізуші:

Әрине, баршаларыңызды мерекелеріңізбен құттықтаймын. Қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші:

Бәрекелді, Азамат жарайсың. Құрметті көрермендер сіздердің
қолдауларыңызбен барлық қатысушы топтарды сахна төріне шақырамыз.

1-жүргізуші:

Сіздер — Күнсіз, аспанда жарқыраған,
Сіздер — өзен, тау суы сарқыраған,
Сіздер — ана, сіздер — жар, сіздер — қыздар,
Сіздер — жаңбыр, ақ нөсер сарқыраған.

2-жүргізуші:

Біз сіздерсіз тіршілік ете алмаймыз.
Дегенге де сіздерсіз жете алмаймыз.

Айнала ұшып сіздерді көбелек боп,
Өртеніп қастарыңнан кете алмаймыз - дей келе осынау жарқын мереке күні
мәңгілік жастық алауын, адал махаббат жылуын, шынайы сүйіспеншілік
шуағын тілейміз.

1-жүргізуші:

Көктемнің басымен келетін мерекелік көңіл-күй Сіздердің сергектіктеріңіз
бен күш-жігерлеріңіздің қуат көзіне айналсын. Сіздерге және
отбасылыраңызға әрқашан бақыт және сәттіліктер тілейміз!

1-жүргізуші:

Құрметті қазылар алқасы бүгінгі қорытынды сөз кезегі сіздерде.

(Құттықтау, сыйлықтар табыстау, марапаттау)

2-жүргізуші:

Деменіздер біз өнерді аяп қалды,
Мезгіл де біраз жерге таяп қалды.
Қош болып тұрыңыздар көріскенше
Осымен сайысымыз аяқталды.

1-жүргізуші:

Келесі кездескенше **Аман сау болыңыздар!**

2-жүргізуші:

Барлық қатысушылар естелік суретке түсу үшін сахна төрінде қалсаңыздар.

(сайыс соңында естелік суретке түсу)



